



**БҰЙРЫҚ**

*2020 жылғы 24 тамыз*

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 213

город Нур-Султан

**Төлем балансы бойынша іріктемелі зерттеулер жүргізу үшін іріктемелі жиынтықты қалыптастыру бойынша әдістемелі бекіту туралы**

«Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы ережесінің 16-тармағының 20) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Төлем балансы бойынша іріктемелі зерттеулер жүргізу үшін іріктемелі жиынтықты қалыптастыру бойынша әдістемесі бекітілсін.

2. Төлем балансы департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына басшылыққа алу және жұмыста қолдану үшін жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төлем балансы департаментінің директоры А.Б. Өскенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі**

**Төрағасының орынбасары**

**А. Баймағамбетов**

*Копиясисі  
дұрас*

*Бас жұмыс  
жүргізушісі*

*Аманжол Т.М. [Signature]*



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі  
Төраға орынбасарының  
2020 жылғы 24 тамыз  
№ 213 бұйрығымен  
бекітілді

## **Төлем балансы бойынша іріктемелі зерттеулер жүргізу үшін іріктемелі жиынтықты қалыптастыру бойынша әдістеме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Төлем балансы бойынша іріктемелі зерттеулер жүргізу үшін іріктемелі жиынтықты қалыптастыру бойынша әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілген статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістеме респонденттерді іріктеудің негізгі аспектілерін анықтайды және ведомстволық статистикалық байқаудың «Бейрезиденттерге қойылатын қаржылық талаптар және олардың алдындағы міндеттемелер туралы есеп» (1-ТБ индексі, кезеңділігі тоқсандық) (бұдан әрі – 1-ТБ нысаны бойынша есеп) және «Бейрезиденттермен халықаралық операциялар туралы есеп» (10-ТБ индексі, кезеңділігі тоқсандық) (бұдан әрі – 10-ТБ нысаны бойынша есеп) қолдануға арналған.

3. Осы Әдістеменің мақсаты респонденттерге жүктемені төмендету болып табылады.

Іріктемелі әдісті қолданудың негізгі артықшылықтары:

- 1) респонденттер тобын нақтылау;
- 2) респонденттерге түсетін ақпараттық жүктемені азайту;
- 3) статистикалық жұмыстарды жүргізу кезінде еңбек шығындарын, материалдық және қаржы ресурстарын үнемдеу;
- 4) тіркеу қателерінің санын төмендету, себебі бақыланатын жиынтықтың көлемі төмендеген жағдайда жұмысқа кәсіби неғұрлым дайын мамандарды жұмылдыруға болады.

4. Осы Әдістемеді Заңда айқындалған мәндерде келесі ұғымдар, сонымен қатар келесі анықтамалар пайдаланылады:

- 1) бас жиынтық – барлық респонденттердің толық тобы;
- 2) іріктемелі жиынтық (іріктеме) – бас жиынтықтан белгілі бір рәсім көмегімен таңдалған респонденттер тобы;
- 3) іріктеменің өлшемі – іріктемелі жиынтықтағы респонденттердің жалпы саны.

## 2-тарау. Іріктемелі жиынтықты қалыптастыру

5. 1-ТБ нысаны үшін респонденттердің бас жиынтығына мемлекеттік басқару органдарын, банктерді, Қазақстан Республикасында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдарын қоспағанда, халықаралық операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, шетел қатысатын ұйымдар кіреді.

10-ТБ нысаны үшін респонденттердің бас жиынтығына мемлекеттік басқару органдары мен банктерді қоспағанда, халықаралық операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар кіреді.

Ұйымдарды зерттеу кезінде бас жиынтықты анықтау үшін статистикалық бизнес-тіркелім (бұдан әрі – СБТ) оның ең қолайлы көзі болып табылады, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ақпарат жүйесінде орналастырылған. СБТ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, олардың оқшауланған бөлімшелері туралы ақпаратты қамтиды.

Іріктеу әдісімен жүргізілген статистикалық бақылауларда мақсатты таңдау қағидасын қамтамасыз ету кезінде көрнекілік қателіктері жойылады.

6. Іріктемені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің республикалық деңгейдегі уәкілетті құрылымдық бөлімшесі қалыптастырады. Іріктеме мөлшері 1-ТБ нысаны бойынша 10 000 (он мың) респонденттен аспайды, 10-ТБ нысаны бойынша 3 000 (үш мың) респонденттен аспайды.

Іріктеме жыл сайын ағымдағы жылдың 10 желтоқсанға дейін келесі есепті жылға қалыптастырылады.

7. Іріктеменің негізі:

1) 1-ТБ нысаны үшін - ағымдағы жылғы 1-ТБ нысаны бойынша есептерден алғашқы статистикалық деректер;

2) 10-ТБ нысаны үшін – ағымдағы жылғы 10-ТБ нысаны бойынша есептерден алғашқы статистикалық деректер;

3) сұрау салу, ақпараттық алмасу шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі алатын ағымдағы жылғы әкімшілік деректер мен өзге де ақпарат болып табылады.

Іріктемелі жиынтықты қалыптастыру кезінде бірігу мен бөлшектеудің демографиялық процестерінен, жаңалардың пайда болуынан және қолданыстағыларын жоюдан туындаған өзгерістер ескеріледі және СБТ құрылымында бар МНЖ (нысаны мен меншік түрі бойынша) және басқа да сыныптамалар қолданылады.

8. 1-ТБ және 10-ТБ нысандары бойынша есептерде көрсеткіштердің динамикасы бағаланады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі алатын әкімшілік деректер және өзге де ақпарат бойынша тиісті ұйымды іріктеуге қосу қажеттігі бағаланады. Бұл ретте көрсеткіштің құндық көлемі ескеріледі және көрсеткіштің уақытша қолданылу кезеңі бағаланады.

9. Алдағы есепті жылға арналған 1-ТБ және 10-ТБ нысандары бойынша респонденттер тізбесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылады.